

"Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Жітіқара ауданы Жітіқара қаласы әкімінің 2016 жылғы 26 тамыздағы № 1 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Жітіқара ауданы Жітіқара қаласы әкімінің 2017 жылғы 14 наурыздағы № 1 шешімі. Қостанай облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 29 наурызда № 6939 болып тіркелді.

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 06 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Жітіқара ауданы Жітіқара қаласының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Жітіқара ауданы Жітіқара қаласы әкімінің 2016 жылғы 26 тамыздағы № 1 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6618 тіркелген, 2016 жылғы 29 қыркүйекте "Житикаринские новости" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жітіқара ауданы

Жітіқара қаласының әкімі

К. Акжигитов